



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Биология және биотехнология факультеті
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы



Тақырыбы: *Гербицидтер*

Орындаған : Амангелді Рауана
Амангелді Назерке
Қалқабай Гүлнұр
Мұқият Бүлдірген

Тексерген: Назарбекова Салтанат
Төлепбековна

Алматы, 2019-2020 оқу жылы

Гербицидтер

Гербицидтер, *шөпжойғыштар* (лат. *herba* — шөп және *caedo* — өлтіремін) — арамшөптерді жою үшін қолданылатын химиялық қосылыстар.



Гербицидтер өсімдіктерге әсер етуіне қарай екі топқа бөлінеді:

—————→ **өсімдіктердің барлық түріне жаппай әсер ететін гербицидтер.**

—————→ **өсімдіктердің тек бір түріне ғана әсер етіп, қалған түрлеріне зиян келтірмейтін талғамды гербицидтер.**

Өсімдіктердің барлық түріне жаппай әсер ететін гербицидтер- өндіріс орындарының айналасындағы, ормандардың ағаш кесілетін бөлігіндегі, темір және тас жолдардағы, тоғандар мен көлдердегі өсімдіктерді құрту үшін қолданылады.

Өсімдіктердің тек бір түріне ғана әсер етіп, қалған түрлеріне зиян келтірмейтін талғамды гербицидтер- мәдени өсімдіктерді арамшөптерден тазарту үшін қолданылады.



Тікелей жойғыш гербицидтер – өсімдікті тікелей уландырады, өсімдік тез солып, қурайды.

Жүйелік гербицидтер – өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтары арқылы бүкіл өн бойына тарап уландырады, бұл гербицидтер тамыры ұзын және көп жылдық арамшөптерге қарсы қолданылады. Тікелей жойғыш және жүйелік гербицидтердің ерітінділерін, эмульсияларын өсімдіктің сабағына бүркеді. Гербицидтер ретінде органик. және анорганикалық заттар қолданылады, кейде бірнеше гербицидтерді араластырып қолдану арамшөптердің әр түрлерін жою үшін тиімді. Қазір гербицидтік қасиеттері бар 1000-нан аса қосылыстар белгілі. Гербицидтерді ерітінділер, ерігіш ұнтақ, паста, жұққыш ұнтақ, концентратты эмульсия түрінде дайындайды. Гербицидтер – орташа улы заттар, дененің ашық жерлеріне, ауызға, көзге, мұрынға тимеу үшін қолғап, көзілдірік, т.б. пайдалану керек.


Практикалық қолданылуына байланысты гербицидтер жіктеледі:

- 1) химиялық құрылымға;
- 2) өсімдікке әсер ету сипаты;
- 3) қолдану тәсілдері;
- 4) қоршаған ортаны ластау қабілеті.

Гербицидтер химиялық классификациясы бойынша:



**Органикалық
гербицидтер**



**Бейорганикалық
гербицидтер**





